Серуен	<p>Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i></p>	<p>Қардың еруін бақылау <i>Мақсаты: табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың қармен байланысты көрінісін білуге үйрету.</i> Бақылау барысы</p>	<p>Ұшып келген құстарды бақылау <i>Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту.</i></p>	<p>Мойыл бұтасын бақылау Мақсаты: — Бұталар туралы білімдерін молайту;</p>	<p>Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау <i>Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы</i></p>

	<p>Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады.</i> (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті</p>	<p>Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды. Зерттеу қызметі Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқакты салыстыру. Еңбек Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару. <i>Мақсаты: тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.</i></p>	<p><i>Құстарға деген қамқорлық қандай тәрбиелеу.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? Жыл құстары деп неге айтамыз? Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына</p>	<p>— Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі: Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл</p>	<p><i>түсініктерін тиянақ тау.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Көктем» Б. Жақын Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)</p> <p>Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p> <p>Қимылды ойын «Күн мен түн».</p> <p><i>Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.</p> <p><i>Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.</i></p> <p>Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-</p>	<p>Қимылды ойын «Ормандағы аюда».</p> <p><i>Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.</i></p> <p>Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты:</i> — Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; — Ептіліктерін қалыптастыру; — Қозғалыс координациясын жақсарту.</p> <p>Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.</p>	<p>бөліп, ұяларға орналастыру.</p> <p>Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».</p> <p><i>Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.</i></p> <p>Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз.</p> <p><i>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.</i></p> <p>Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.</p>	<p>шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады.</p> <p>Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.</p> <p>Балаларға сұрақтар Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? Мойыл жидектерінен не жасайды? Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</p> <p>Еңбек Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».</p> <p><i>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын</i></p>	<p>қуана білу.</p> <p>Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».</p> <p><i>Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау</i></p> <p>Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен</p>
--	--	---	---	--	---

	сауып тұрған сауын.			тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту <i>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.</i>	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау(<i>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздері Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию	Қазақ тілі Мақсаты азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа	Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу. Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және	Сөйлеуді дамыту Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады? 2. Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ (көжек) 3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. 4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екіпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?	Дидактикалық ойын: «Эстафета». Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына Текшенемесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек Шығармашылық іс-әрекет Балалар өз қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысады.

	<p>Шығармашылық іс-әрекет Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.ен ренктері туралы ұғымдарын байыту. Мақсаты- көктем мезгіілінің суретін салу,мүсіндеу ,жапсыру, кұрастыру. Топтық жұмыс</p>	<p>сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұмырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам)т.б</p> <p>Шығармашылық іс-әрекет Балалар тұзды қамырды немесе ермек сазды пайдаланып өздеріне ұнаған заттарды мүсіндейді.</p>	<p>ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.</p> <p>Шығармашылық іс-әрекет Балалар бес саусақты пайдаланып әртүрлі құстар мен аңдардың суретін салу.</p>		
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Баланың тілін дамытуға арналған ойындар Дауыстарын қайтала. Аң біткенмен алысқан</p>	<p>Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Жасыру» саусақ ойыны. Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және</p>	<p>Баланың тілін дамытуға арналған ойындар Майлыаяқ. Жайлау толы малды аяп, Күзетіп жүр Майлыаяқ.</p>	<p>Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Салат» саусақ ойыны. Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың</p>	<p>Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Кірпі» жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп,</p>

	<p>Ақырады арыстан:</p> <p>А-а-а-а-а</p> <p>Нәзік дауысы қозының</p> <p>Естіледі алыстан:</p> <p>Мә-ә-ә-ә-ә</p> <p>Дөңгелетіп аузыңды,</p> <p>Жіңішкертіп даусыңды,</p> <p>Бұзаумын деп ойла да,</p> <p>Дауысын оның қайтала:</p> <p>Мө—ө-ө-ө</p> <p>(Балақай, жан жануарлардың дауыстарын сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал</p>	<p>ашады.</p> <p>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.</p> <p>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.</p> <p>Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз.</p> <p>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.</p> <p>Қазақ тілі</p>	<p>Жолатпайтын ешкімді,</p> <p>Дауысы алыстан естілді:</p> <p>(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р</p> <p>«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,</p> <p>«Қорқып иттер қашсын», -еп,</p> <p>Күжірейтіп желкесін</p> <p>Ырылдады қасқыр кеп:</p> <p>(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р</p> <p>«Қорықпаймын сенен»,- деп,</p> <p>«Сазайыңды берем»,- деп,</p> <p>Дірілдетіп қасқырды</p> <p>Айбатын ит асырды:</p> <p>(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р</p> <p>«Мынау бәле екен» деп,</p>	<p>алақанына ысқылайды)</p> <p>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)</p> <p>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)</p> <p>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)</p> <p>Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)</p> <p>Қазақ тілі</p>	<p>кірпінің жүрісін салады)</p> <p>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).</p> <p>Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!</p> <p>Қазақ тілі</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыңдар.)</p>		<p>«Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді.</p> <p>Қазақ тілі</p>		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: Күн тәртібін сақтау	Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу		Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту.	Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі(айды,жылды көрсету): 5-9 қыркүйек ай, 2022жыл.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, Қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.	Сәлемдесу, бүгінгі көңіл күйлерін сурау. Жағымды жағдайын орнату.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, Қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. Балалардың тазалығы жөнінде айту.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін ой-өрісін дамыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дә: «Көрсет те, ата?» Мақсаты: Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.	Дә: «Ертегіні тауып айт» Мақсаты: Бұл қай ертегі екенін суретке қарап атайды.	Дә: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балаларды түстерді ажыратуға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	1. Тізбекте бір қатармен жүру. Бастаушыны алмастыра отырып жүру.	1. Бір қатарда жүру, шашырап жүгіру. 2. Б.қ. тізені бүгіп орындық үстінде, қолды белге қойып отыру. Қолды жанға созу,	1. Бір тізбекте жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша бағытты өзгертіп отыру. 2. Звеноға бөлініп	1. Бір тізбекте жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша бағытты өзгертіп отыру. 2. Звеноға бөлініп тұру.	1. Бір тізбекте жүру, аяқ ұшымен, өкшемен аяқтың іші қырымен жүру. 2. Тізені жоғары көтеріп

	<p>2. Бастаушыны алмастыра отырп жүру.</p> <p>3. Звеноға бөліну.</p> <p>4. Б.қ. аяқты алшақ ұстап тұру, құрсауды оң қолда ұстау. Құрсауды алда, артта ұстау, алға қолдан-қолға алмастыру. 4-5 р.қ.</p> <p>5. Б.қ. құрсауды кеуде тұстан шынтақты бүгіп ұстау. Өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру. Отыру, құрсауды алға созу, 5-6 р.қ.</p> <p>6. Б.қ. аяқты алшақ ұстап тұру, құрсауды төмен ұстау. Құрсауды жоғары көтеру, оңға бұрылу, қолды түзу ұстау.</p> <p>7. Б.қ. оралу, сол жақта қайталау 6-7 рет.</p> <p>8. Құрсауды еденге қою. Қолды белде ұстау. Құрсауды айнала секіру. Б.қ. келу, қарама-қарсы бағытта секіру, 3-4 р.қ.</p> <p>9. Оң қолмен құрсауды тігімен ұстап тұру, құрсау</p>	<p>жоғары көтеру, қолды жанға, б.қ. келу 6-8 р.қ.</p> <p>3. Б.қ. 3-тегідей қолды жанға созу оң жанға иілу, қолмен еденге аяқ ұшын ұстау, б.қ. келу, сол жақта қайталау 6-8 р.қ.</p> <p>4. Б.қ. орындық үстіне отырып, аяқты алға созып, қолды желкед ұстап отыру, қолды жанға созу, оңға, жанға, алға еңкею б.қ. келу сол жақта орындау 6-8 р.қ.</p> <p>5. Б.қ. орындық алдында тұру. Оң аяқты орындық үстіне қою, сол аяқты скамейка үстіне қою. Оң аяқпен орындықтан түсу, 6-8 рет қайталау.</p> <p>6.. Орындық арқасын беріп отыру. Орындықтың үстінгі жағынан ұстап отыру, аяқты тік алға, жоғары көтеру. Б.қ. келу.</p> <p>7. Орындыққа жанымен тұру, қолды жанға түсіріп тұру. Орындық жанында секіру. Алға жүріп секіру, артқа жүріп секіру.</p>	<p>тұру.</p> <p>3. Б.қ. түзу тұру, қолды түсіріп, оң қолға қапшықты ұстап тұру, қолды жаннан жоғары көтеру, оң қолдан, сол қолға қапшықты ауыстыру қолға қарау, б.қ. келу.</p> <p>4. Б.қ. молда соқынып отыру, қапшық алда, еденге қою. Оңға бұрылып қапшықты артына жасырып қою. Б.қ. келу, сол жаққа бұрылып қапшықты алдына қою 6-8 рет қ.</p> <p>5. Б.қ. аяқты алшақ ұстап тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Алға төмен еңкею, қапшықты алға қою, б.қ. келу 6-8 рет қ.</p> <p>6. Б.қ. шалқасынан жату, оң тізені бүгіп, кеудеге жақындату, аяқ астынан қапшықты бір қолдан екіншісіне ауыстыру, б.қ. оралып, 6-8 рет қ.</p> <p>7. Б.қ. орында тұрып секіру. Тізені жоғары көтеріп тұру.</p>	<p>3. Б.қ. түзу тұру, қолды түсіріп, оң қолға қапшықты ұстап тұру, қолды жаннан жоғары көтеру, оң қолдан, сол қолға қапшықты ауыстыру қолға қарау, б.қ. келу.</p> <p>4. Б.қ. молда соқынып отыру, қапшық алда, еденге қою. Оңға бұрылып қапшықты артына жасырып қою. Б.қ. келу, сол жаққа бұрылып қапшықты алдына қою 6-8 рет қ.</p> <p>5. Б.қ. аяқты алшақ ұстап тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Алға төмен еңкею, қапшықты алға қою, б.қ. келу 6-8 рет қ.</p> <p>6. Б.қ. шалқасынан жату, оң тізені бүгіп, кеудеге жақындату, аяқ астынан қапшықты бір қолдан екіншісіне ауыстыру, б.қ. оралып, 6-8 рет қ.</p> <p>7. Б.қ. орында тұрып секіру. Тізені жоғары көтеріп тұру.</p>	<p>жүгіру.</p> <p>3. Звеноға бөлініп тұру.</p> <p>4. Б.қ. өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды белге ұстау, оңға қарай бір қадым жасау, қолды жанынан жоғары көтеру, б.қ. келу, осылай сол жақта қайталау, әр жақта 3-4 рет қ.</p> <p>5. Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстап қолды белде ұстап тұру.</p> <p>6. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды белде ұстау, отыру, қолды алда ұстау, б.қ. келу, 6-8 рет қ.</p> <p>7. Б.қ. аяқты қосып отыру, қолды артта ұстап тіреп отыру.</p> <p>8. Б.қ. тізерлеп қолды белден ұстап тұру, кеудені бұру, оң қолмен сол өкшені ұстау, б.қ. келу, келесі жақта қайталау 3-4 рет.</p> <p>9. Б.қ. шалқасынан жату, қолды бастан жоғары ұстау, оң аяқты көтеру аяқ ұшын тигізу сол жақта қайталау, 8 рет.</p>
--	--	---	---	--	---

	ішімен отырып өту, б.қ. келу, 6-8 р.қ. 10. Бір қатарда жүру				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу.	«Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. (Көркем әдебиет)	Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.	Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Шалқан» ертегісін суреттер арқылы тамашалау Мақсаты: Көрініске қызығушылық тудыру	«Пазлы» ойындары Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке, батылдыққа үйрету.	«Емхана» атты желелі-рольдік ойыны Мақсаты: емхана туралы білімдерін нығайту	Үстелдік ойын- «Геометриялық пішіндер. Мақсаты: ой-өрістерін дамыту, атауын екі тілде есте сақтауларын қалыптастыру.	«Бауырсақ» ертегін теледидардан. Тамашалау. Мақсаты: Кейіпкерлердің дауыс- ырғақтарын есте сақтау қабілеттерін арттыру.
Білім беру ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мақсаты: Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. ЖДЖ: Тізені бүгіп	Музыка «Өтанымыз тамаша» әні «Үнінен таны» ойын мақсаты: Аспаптардың дыбысын ажырата білуге баулу. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.	Дене шынықтыру Жүгіру. Мақсаты: Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп,	Музыка «Өтанымыз тамаша» әні «Музыкалық сағат» ойын мақсаты: Музыканы тыңдау арқылы ажырата білуге баулу. Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету.	Дене шынықтыру Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Мақсаты: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған

	<p>жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <p>1. Бірнеше доға астынан еңбектеу.</p> <p>2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.</p> <p>Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау.</p> <p>Қорытынды: «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.</p>		<p>шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> <p>ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <p>1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Ойын: «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.</p> <p>Қорытынды: Тыныс алу жаттығуын орындау.</p>		<p>қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <p>1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу.</p> <p>Ойын: «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау.</p> <p>Қорытынды: «Бокс» тыныс алу жаттығуы</p>
<p>Тақырыбы: “Түлкі мен қоян”</p> <p>Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің</p>	<p>Тақырыбы: Геометриялық денелер: текше, шар, цилиндр, конус, пирамида.</p> <p>Мақсаты: Көлемді</p>	<p>Тақырыбы: «Құстарға а ұя»</p> <p>Мақсаты: Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін,</p>	<p>Тақырыбы: «Күннің мол шуағы»</p> <p>Мақсаты: Қарындашпен салуда қарапайым</p>	<p>Тақырыбы: «Күннің күдіреті».</p> <p>Мақсаты: Жер бетіндегі тіршілік атаулының негізгі қайнар көзі-күн жайлы</p>	

	кылықтарын бағалауға үйрету. Көркем әдебиет Ертегіні оқып беріп, мазмұнын әңгімелету.	геометриялық денелермен таныстыру (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида); оларды тани білуге үйрету; Біреу және бірнешеу ұғымдарын түсіндіру, заттарды (пішін, көлеміне) қарай топтастыру.	олардың бөлшектерін атауға үйрету Құрастыру Ірі және ұсақ құрлыс материалдарынан, үлгі бойынша құрастыру.	қозғалысты нақты беру. Сурет салу Балаларды суреттерді кылқаламмен, бояуға үйрету.	түсінік беру. Сөйлеуді дамыту Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Балаларды реттілікпен киімдерінді киюге үйрету, аяқ киімді дұрыс киюге түсіндіру. Серуенге саппен шығу үйрету. Серуенге қызығушылық туғызу.				
Серуен	Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбеккорды аялайды, Еріншекті	Ауа-райын бақылау <i>Мақсаты:</i> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. А. Меңдібай</i> <i>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте	Құмырсқаларды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; — Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. <i>Бақылау барысы</i> ♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады) ♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның	Тастарды бақылау <i>Мақсаты:</i> тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. <i>Бақылау барысы</i> Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп	Ұшып келген құстарды бақылау <i>Мақсаты:</i> көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Ұя»</i> <i>Қ. Баянбаев</i> Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп,

	<p>аямайды. Бұл не? (ара)</p> <p>- Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дей? (маса)</p> <p>- Ызындап ән салып, Жүп-жүқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)</p> <p>- Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)</p> <p>- Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде</p>	<p>көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</p> <p>◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).</p> <p>◆ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i></p> <p>◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан)</p> <p>◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)</p> <p>◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)</p> <p>◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p> <p>◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>◆ Жаңбыр қандай</p>	<p>көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)</p> <p>◆ Құмырсқасыз жер болмайды.</p> <p>Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды.</p> <p>Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды.</p> <p>Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады.</p> <p>Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар.</p> <p>Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр</p>	<p>айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? • Асыл тастарды не үшін пайдаланады? • Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? • Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. • Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? <p>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.</p>	<p>Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? • Жыл құстары деп неге айтамыз? • Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? • Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? • Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? <p>Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.</p> <p>Ең бек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>◆ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)</p> <p>◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Еңбек: Алаңдық оқ ыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға,</i></p>	<p>температурада жауады?</p> <p>◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p>Еңбек Кішкентайлар алаңдық оқ ыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.</i></p>	<p>илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттермен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p> <p>◆ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?</p> <p>◆ Олар өз илеулерін қайда салады?</p> <p>◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен,</p>	<p>Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. <i>Мақсаты: ұжыммен бірлесіп жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын. «Бәйге». <i>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.</i></p>	<p><i>жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». <i>Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету</i></p>
--	---	--	---	--	---

	<i>ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i>		қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Еңбек Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</i> Қимылды ойын «Итеріспек». <i>Мақсаты:</i> — Белгілі бір кең істікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; — Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру	Балаларды реттілікпен киімдерін шешу.	Балаларды киімдерін тиісті орнына іліп қоюды үйрету.	Балалардың киімдерін шешіп, жинастыру	Бір біріне шешінуге көмектесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д/о: «Қай пішіннен құрылған» Мақсаты: Пішіндер туралы білімін бекіту.	Жүзу Жүзу: суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.	Үйірме «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі Сахналық қойылым Мақсаты: Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегінің тыңдай отырып сөздік қорын молайту.	Д/о: «Көбелектің қанатын тап» Мақсаты: Түстерді дұрыс ажыратып, атау.	Үстелдік ойын-«Геометриялық пішіндер» Мақсаты: ой-өрістерін дамыту, атауын екі тілде есте сақтауларын қалыптастыру.

			Адалдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың сөздік қорын дамытудағы «Бұл кім?», «Бұл не?» ойыны.	«Сен балабақшаға кіммен келдің?» Мақсаты: Балалардың ата-аналарының есімдерін білулерін тексеру.	Д/ойын «Қанша алма жинадық?» Мақсаты: Бір және көп деген ұғымдарды бекіту	Сурет бойынша жеке жұмыс	Жаңылтпаштар, өлеңдер жаттау. Мақсаты: Тілін дамыту.
Балалардың үйіне қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға ауратын балаларды балабақшаға қабылдаматын туралы ескертіп айту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. Балалардың үйге қайтуы.	Ата-аналармен жұмыс Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **«Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о**

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі(айды, жылды көрсету): 5-9 қыркүйек ай, 2022жыл.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.04.2023ж	Сейсенбі 18.04.2023ж	Сәрсенбі 19.04.2023ж	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
------------------------------	---------------------------------	---------------------------------	---------------------------------	--------------------------------	----------------------------

<p>Балаларды қабылдау</p>	<p>Сәлемдесу. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата алады, бір-бірімен еркін диалог құрады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту</p> <p>«Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Музыка</p>	<p>Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру.</p> <p>«Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Сәлемдесу. Балалардың денсаулығы мен тазалығын тексеру</p> <p>Үстел –үсті ойыны:</p> <p>«Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен өз үйін құрастыру.</p> <p>Құрастыру</p>	<p>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту .</p> <p>Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.</p> <p>Математика негіздері</p>
<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың балабақшаға кешікпей келуін ескерту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға төлем ақыны уақытында төлеуін ескертіп айту.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: Ата аналармен әңгімелесу.Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</p>	<p>«Қызғаншақ қонжықтар» Мақсаты:Қонжықтар туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қонжықтардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету. Сурет салу</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу.</p> <p>Құрастыру</p>	<p>«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. Мүсіндеу</p>	<p>«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. Математика негіздері</p>	<p>Құрастыру «Машина» Мақсаты:Құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету. Құрастыру</p>

тағы басқа іс-әрекеттер)					
Таңертенгі жаттығу	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (Дене шынықтыру)	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (Дене шынықтыру)
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы)	Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Үш қыз» әдептілік әлемі Мақсаты:Қыз бала туралы туралы түсінік беру.	«Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жапсыру	«Ғажайып қапшық» Мақсаты: Өр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану.	«Сәукелені әшекейлейміз» Мақсаты:Сәукеленің суретін салуға үйрету. Сурет салу	Шаштараз қалай жұмыс істейді? Қуыршаққа көрсетеміз. Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-

	Көркем әдебиет		Қоршаған ортамен танысу		жабдықтарын атауға үйрету. Қоршаған ортамен танысу
Білім беру ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Дене шынықтыру Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.	1.Музыка Әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. «Достық» әнінің сөзін жаттату. «Сылдырмақ» ойыны Мақсаты:Балалардың есту ,дыбысты ажырату қабілеттерін арттыру.	3. Дене шынықтыру «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.	4. Музыка Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау . «Достық» әнінің әуенін үйрету. «Мысық пен тышқан» ойыны Мақсаты:Музыканы сезіне білуге ,музыка ырғағымен қимыл жасай білуге үйрету.	4.Дене шынықтыру «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Хауызда қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру. Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу
	Д/О: «Шатаспай есте сақта. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу. (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). (Математика негіздері). Балаларға жиын, оның	Д/О: «Суреттің екінші бөлігін тап» Оларды қағаз бетіне дұрыс орналастыруын үйрету. (Сурет салу). Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері.	«Үш қыз» әдептілік әлемі Мақсаты:Қыз бала туралы туралы түсінік беру. Көркем әдебиет Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, ондағы әрекеттердің мазмұнын айту.	Д/О: «Түрлі түсті жолақтар» Қазақ оюларының кейбір элементтерін салуды үйрету. (Сурет салу). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген	Еркін ойын: «Телефон» Шарты: Ойыншық телефондармен бір-бірімен сөйлесіп ойнайды. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер,

	<p>әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру</p> <p>"Үй салу" ойыны.</p> <p>Балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>(Жапсыру) Үлгіні қайшымен қиып қаза бетіне орналастыра жапсырады.</p>	<p>"Әсем мұнара" құрылыс ойыны.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, текшелерден мұнара жасау.</p> <p>(Құрастыру)</p> <p>Өз бетін шет аңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>	<p>«Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Жапсыру Үлгіні қайшымен қиып қаза бетіне орналастыра жапсырады.</p>	<p>ұмтылысты қолдау. ен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы Қыс туралы Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Ран – ран – ран, Соғады боран. На – на – на, Зулайды шана.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту) Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p>	<p>«Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
--	--	--	---	---	---

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру) Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>(Қоршаған ортамен таныстыру) Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Мақсаты:Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөлінісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Қимылды ойын : «Орман дақтары»</p>	<p>Жылғаларды бақылау Бақылау: Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту</p> <p>Ұжымда еңбектену білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен</p>	<p>Аспанды бақылау Бақылау: Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан, ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); Еңбек: Тұқымды отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. Қимылды</p>	<p>Ауа райына бақылау жасау. Мақсаты: Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады</p> <p>Тақпақ: Көктем келді, келеді Қызылды – жасылды Қызғалдақпенен. Қырдан гүлдер тереді.</p> <p>Ойын: Өзіндік іс-әрекет</p>	<p>Ағаштарға бақылау жасау Мақсаты: Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету.</p> <p>Тақпақ: Қимылды ойын: «Ақ қоян». Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулу. Еңбек: «Ағаштан ағашқа»</p>

	<p>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптамалар</p>	<p>белсенділікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қармақ» Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p>	<p>ойын: «Қоңырау» Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. (дене шынықтыру)</p>	<p>Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру</p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтау.</p>	<p>Мақсаты: Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.</p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтау.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Серуен мен саяхат кезінде алған эсерлерін суретте бейнелеу.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	<p>«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Мүсіндеу</p>	<p>«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Танымдық ойын: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.</p> <p>Математика негіздері</p>	<p>«Ит адамның досы» Мақсаты: Ит туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Мүсіндеу</p>

тағы басқа іс-әрекеттер)					
